

төмендету, мектеп медицинасының денсаулықты нығайтуға ықпалын жақсартудың үш жылдық жобаға ену			
--	--	--	--

IV. Мектептің мақсаты мен міндеттері, миссиясы

Мектеп миссиясы-Рухани құндылықтарға негізделген академиялық терең білімді меңгерту арқылы өмірлік ұстанымы мен огтансүйгіштік қасиеті қалыптасқан жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Мектеп мақсаты: Мектептің білім сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру арқылы білім алушылардың жазылым, айтылым дағдыларының жақсаруына ықпал ету, мектептегі әрбір тұлғаның мәдениетін арттыруға және жағдаяттық өзгерістерге дайын болу қабілеттерін жетілдіруге бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру. Оқыту мен оқу үдерісінде мұғалімдердің кәсіби шеберлігі арқылы пәнді терең меңгерту, жобалық жұмыстарды жүргізу арқылы оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүйелі жүргізу, мұғалімдердің құзыреттілік деңгейін арттыру мақсатында жыл бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесін мониторингілеу.

Стратегиялық дамудың бағыты Қазақстандық білім беруді жаңғырту үшін жағдай жүйесін құруға бағытталған мектеп қызметінің барлық жақтары болуы тиіс. Қазіргі заманғы формалар арқылы тәрбие үдерісіне оқушылардың ең көп санын тарту.

Мектеп міндеттері.

Жаһандық білім беру :

- жаһандық білім беру трендтерінде негізгі Қазақстандық білім және ғылым саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың сапалы көрсеткіштерін қамтамасыз ету;
- оқушылардың білім берудің жаңартылған мазмұны мен технологияларын іске асыру үшін жағдай жасау;
- Тіл және жалпы мәдениеттің өзара байланысқан дамуы және жаһандық ойлаудың қалыптасуы орын алатын трансұлттық құзыреттілікті дамыту;
- әлеуметтік сұраныстарға сәйкес білім беру қызметіне тең қол жеткізуді және барлық білім беру субъектілерінің үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

Білім беруде ұлттық бағдарлы тәсілдің міндеттері:

- мемлекеттік тілді орыс тілін қолдай отырып және шет тілін үйреніп дамыту;
- "Мәңгілік ел" патриоттық актісі, "Рухани жаңғыру" бағдарламасы және "Туған жер" кіші бағдарламасы негізінде тәрбие жұмысының жүйесін іске асыру;
- мектептің білім беру полимәдени ортасын полиэтникалық қазақстандық социумның дамыту

Аймақтық және мектептік бағытталған тәсілдер міндеттері:

- оқу жоспарының вариативтік бөлігін анықтаудағы өңірлік проблематиканы қарастыру;
- білім берудің жеке сипатын дамыту, білім берудің заманауи инновациялық технологияларын енгізу;
- баланың өзін-өзі еркін дамыту және оның өміршеңдігі аймағын кеңейту мақсатында мықты, сабақтан тыс және мектептен тыс қызмет жүйесін құру; оқушылардың мектептік өзін-өзі басқаруды дамыту шарты ретінде көшбасшылық қасиеттерін және болашағы үшін жауапкершілікті жетілдіру;
- дарынды балалармен және жастармен жұмыс жүйесін іске асыру; жұмыс берушілермен, әлеуметтік серіктестермен байланысты кеңейту;
- білім берудің инновациялық даму міндеттерін тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін